Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Ұлттық болмысқа жат мінез-құлықтар

Әр пенденің, әр азаматтың мәңгі сүйер байлығы, кіндік қаны тамып өскен - ыстық Отаны, туып өскен жері болады. Сонау көк Түрік бабаларымыздан мирас болып қалған, мұхиттай терең тарихы бар, туған елім - Қазақстан! Менің өлкем Каспийден Алтайға дейін созылған, кең жазира даласы бар, сұлу - көркем қаласы бар, кеңпейіл, дана халқы бар, ешпестей алтын тарихы бар - сұлу мекен. Осындай өлмес белестерге жету үшін ұлыларымыз бен батырларымыз қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен ел қорғап, қан мен терді судай төгіп, аңсатар бейбітшілік заманды қайран халқым неше ғасыр сарыла күтті...

1991 жыл, 16-желтоқсан. Қайран елім қазағымның басына тәңірім бақ берді. Азияның қақ ортасында „Қазақстан" деген тәуелсіз, бейбіт ел орнады. Алпауыт елдермен тереземіз тең болып, жеріміз күн санап көркейіп келеді. Биылғы жылы аса күткен Тәуелсіз елімізге 32 жыл толады. Осынау біраз уақытта қазағымыз қандай болды? Республикамыз мақтанарлық биік-биік белестерге жеткені сөзсіз, дегенмен, сол баяғы қазақ жұртым қазір қандай? Осындай сұраққа менің бала жүрегімнің қынжылтар бір жауабым бар. „Қазақ" деген аспанмен таласқан, құлашын кең жайған биік бәйтеректің бір маңызды бұтағы ол - тіл.


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Әрбір елдің ана тілі өзге елде емес, өзінің туған мекенінде ғана дамып, өркендей алады. Менің жүрегіме осы мәселе өзінің қоғамдағы өзектілігі мен ауқымдылығымен жақын. Өкінішке орай, елімізде қазақ тілін сүйіп, барша әлемге „Бұл менің - Ана тілім"- деп ұрандайтын ұрпақ жоқтың қасы. Міне, дәл осы қасиет - ұлттың болмысқа жат ең үлкен қасірет!

Ата-бабамыз мұра қылып қалдырған Ана тілімізді құрметтеу - әр қазақтың парызы деп есептеймін. „Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңдідің құрметте!" - деп те даналарымыз бекер айтып кеткен жоқ. Өз еліміздің сенімін ақтап, жарқын болашаққа жетелейтін ол - мына біздер. „Осы бір үлкен ахуал болашақта өз ауқымын алады" - деген рухта сенім нәзік жүректе мәңгі сақталады. Елдігіміз бен бірлігіміз, туған тіліміз бен еліміз өркендей берсін!



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ